

## Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен деп танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2018 жылғы  
30 наурыздағы № 18/159 шешімі. Қарағанды облысының  
Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 сәуірде № 4719  
болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,  
04.05.2018 ж.

---

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы  
Экологиялық Кодексіне сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Сот шешімімен коммуналдық  
меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды  
басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен  
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі.

А.

*Сессия төрағасы Сокульский*

*Қалалық*

*мәслихатының хатшысы К. Тейлянов*

Қалалық  
мәслихатының  
2018 жылғы 30  
наурыздағы  
№18/159  
шешімімен  
бекітілді

**Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып  
танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары**

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен  
болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары  
(бұдан әрі – қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007  
жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне сәйкес  
өзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке  
түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі –  
қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды қаланың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

4. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия құрады (бұдан әрі – комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Балқаш қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою жөніндегі қызмет.

## **2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларға сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## **3. Қорытынды ережелер**

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.